

**Түпқараған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 10/89 "Баутин ауылы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 18 мамырдағы № 20/176 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 маусымда № 3639 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес және Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 10-15-242 ұсынысының негізінде, Түпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түпқараған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 10/89 "Баутин ауылы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3341 болып тіркелген, 2017 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

кіріспесі келесідей мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8 және 11 баптарына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 510 бабына сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:  
".

2. "Түпқараған аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Д.Садықов  
А. Досанова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Баутин ауылының әкімі

Д.Меңдіханов  
18 мамыр 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Мемлекеттік кірістер  
комитеті Маңғыстау облысы бойынша  
Мемлекеттік кірістер департаментінің  
Түпқараған ауданы бойынша  
Мемлекеттік кірістер басқармасы"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы  
Ж.Утепбергенова  
18 мамыр 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түпқараған аудандық жер қатынастары,  
сәулет және қала құрылысы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
Ж.Кулдашов  
18 мамыр 2018 жыл